

Су шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 253 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 3621 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 116 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 14.06.2018 № 116 (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) "Жерусті су объектілері жок, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына жіберуді;

3) осы қаулы Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы қаулыдан туындастын, басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. "Су шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 164 қаулысының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2737 болып тіркелген, 2015 жылдың 28 тамызында "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Мұсаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Шу-Талас

бассейндік инспекциясы басшысының

міндетін атқарушы

Ғ.Ә. Құралбаев

"27" қараша 2017 жыл

K. Көкrekбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2017 жылғы "27" қарашадағы
№ 253 қаулысымен бекітілген

"Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру" мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" № 19-1/422 бұйрығымен бекітілген "Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 24 шілдеде № 11765 болып тіркелген) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) "

Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жамбыл облысының аудан әкімдіктері және Тараз қаласының әкімдігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шешім және (немесе) конкурс қорытындылары туралы конкурстық комиссия хаттамасы негізінде қағаз түрінде "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жамбыл облысының аудан әкімдіктері және Тараз қаласының әкімдігі мен конкурс жеңімпазы арасындағы су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы келісім-шарт немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарттың 9-1-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Қызмет алушының (немесе сенімхат бойынша оның өкілінің) Стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарын қабылдау қызмет көрсету ресімін (іс-қимыл) бастауға негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір ресімнің (іс-әрекеттің) мазмұны, оның орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттар топтамасын алған сәттен бастап оны кіріс хат-хабарларды тіркейтін журналға тіркейді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қарауына ұсынады немесе Стандарттың 9-1 тармағына сәйкес өтінішті кері қайтарады 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарайды және жауапты маманның қарауына жолдайды

(1 жұмыс күні);

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы қабылданған құжаттарды қарап, арнайы құрылған конкурстық комиссияға құжаттарды ұсынады (2 жұмыс күні);

4) конкурстық комиссия көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарап, тиісті хаттамаларды ресімдейді (6 жұмыс күні);

5) конкурстық комиссияның хатшысы өткізілген конкурстың хаттамасын бұқаралық ақпарат құралдарында және жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында жариялады (2 жұмыс күні);

6) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы қолдары қойылған уақыттан бастап конкурстық комиссияның хаттамасын және қаулы жобасын облыстың (ауданның, Тараз қаласының) жергілікті атқарушы органына жолдайды (10 жұмыс күні);

7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы облыстың (ауданның, Тараз қаласының) жергілікті атқарушы органынан шешімді алғаннан кейін су объектісін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы келісім-шарттың жобасын немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды және басшысына ұсынады (20 жұмыс күні);

8) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы қызмет алушымен келісім-шартқа немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қояды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (1 жұмыс күні);

9) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келісім-шартты немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және қызмет алушыға ұсынады 15 (он бес) минут.

6. Келесі ресімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету ресімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) тіркелген құжаттарды басшыға жолдау;
- 2) бұрыштамамен жауапты қызметкерге жолдау;
- 3) арнайы құрылған комиссияға құжаттарды жолдау;
- 4) комиссияның құжаттарды қарауы, тиісті хаттаманы ресімдеу;

5) конкурстық комиссияның хатшысы өткізілген конкурс хаттамасының қорытындысын бұқаралық ақпарат құралдарында және жергілікті атқарушы органдарының интернет – ресурстарында жариялау;

6) қызмет берушінің жауапты маманы қолдары қойылған уақыттан бастап конкурс комиссиясының хаттамасын және қаулы жобасын облыстың (ауданның, Тараз қаласының) жергілікті атқарушы органына жолдау;

7) қызмет берушінің жауапты маманы облыстың (ауданның, Тараз қаласының) жергілікті атқарушы органынан шешімді алғаннан кейін су объектісін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы келісім - шарттың жобасын немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауабын әзірлеу және басшыға қол қоюға ұсыну;

8) қызмет берушінің басшысы қызмет алушымен келісім-шартқа немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою және кенсе қызметкеріне жолдау;

9) қызмет берушінің кенсе қызметкері келісім-шартты немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауабын тіркеу және қызмет алушыға ұсыну.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) кенсе қызметкері;
- 2) қызмет берушінің басшысы;
- 3) жауапты маманы;
- 4) конкурснық комиссия хатшысы;
- 5) конкурснық комиссия мүшелері.

8. Эрбір ресімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (жұмыскерлердің) арасындағы ресімдердің (іс-қимылдың) бірізділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кенсе қызметкері қажетті құжаттар топтамасын алған сәттен бастап оны кіріс хат-хабарларды тіркейтін журналға тіркейді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қарауына ұсынады немесе Стандарттың 9-1 тармағына сәйкес өтінішті кері қайтарады 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарайды және жауапты маманның қарауына жолдайды

- (1 жұмыс күні);

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы қабылданған құжаттарды қарап, арнайы құрылған конкурснық комиссияға құжаттарды ұсынады (2 жұмыс күні);

4) конкурснық комиссия көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарап, тиісті хаттамаларды ресімдейді (6 жұмыс күні);

5) конкурснық комиссияның хатшысы өткізілген конкурсның хаттамасын бұқаралық ақпарат құралдарында және жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында жариялады (2 жұмыс күні);

6) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманы қолдары қойылған уақыттан бастап конкурснық комиссияның хаттамасын және қаулы жобасын

облыстың (ауданның, Тараз қаласының) жергілікті атқарушы органдына жолдайды (10 жұмыс күні);

7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманды облыстың (ауданның, Тараз қаласының) жергілікті атқарушы органдынан шешімді алғаннан кейін су объектісін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы келісім-шарттың жобасын немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындауды және басшыға ұсынады (20 жұмыс күні);

8) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы қызмет алушымен келісім-шартқа немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қояды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (1 жұмыс күні);


9) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келісім-шартты немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және қызмет алушыға ұсынады 15 (он бес) минут.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі ресімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің толық сипаттамасы құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының сипаттамасы осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы қызмет берушінің интернет-ресурсында <http://tbr.zhambyl.gov.kz/>, www.zhambyl.egov.kz/ орналастырылады.

Жамбыл облысы әкімдігінің
2017 жылғы "27" қарашадағы
№ 253 қаулысымен бекітілген
"Су объектілерін конкурстық
негізде оқшауланған немесе
бірлесіп пайдалануға беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1 қосымша

**"Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық
негізде беру" мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің
анықтамалығы**



- көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық белімшелерінің (қызметкерлерінің) езара іс-қымылдары;

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

- көрсетілетін қызметті алушы ресімінің (іс-кимылның) және (немесе) атауы;

- келесі ресімге (іс-кимылға) ету.

Жамбыл облысы әкімдігінің
2017 жылғы "27" қарашадағы
№ 253 қаулысымен бекітілген

"Жерусті су объектілері жок, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсумен және шаруашылық-турмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Жерүсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" № 19-1/422 бұйрығымен бекітілген "Жерүсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысы жоқ мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 24 шілдеде № 11765 болып тіркелген) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі – Стандарт) "Жамбыл облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кенесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жерүсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат туралы хат не мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарттың 9-1-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Қызмет алушының (немесе сенімхат бойынша оның өкілінің) Стандарттың 9 тармағында көрсетілген құжаттарын қабылдау қызмет көрсету ресімін (іс-қимыл) бастауға негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір ресімнің (іс-әрекеттің) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кенсе қызметкері қажетті құжаттар топтамасын алған сәттен бастап оны кіріс хат-хабарларды тіркейтін журналға тіркейді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қарауына ұсынады

немесе Стандарттың 9-1 тармағына сәйкес өтінішті кері қайтарады 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қызметті алушының өтінішін қарайды және көрсетілетін қызмет беруші бөлімінің басшысына жолдайды (30 минут);

3) көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін заң талаптарына сәйкес қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына орындауға береді (30 минут);

4) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы қабылданған құжаттарды қарап, берілетін рұқсаттың жобасын немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты әзірлейді және басшыға жолдайды (27 күнтізбелік күн);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы рұқсатқа немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және кенсе қызметкеріне жолдайды (1 күнтізбелік күн);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кенсе қызметкері рұқсатты немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және қызмет алушыға ұсынады (15 минут).

6. Келесі ресімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсету ресімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

- 1) тіркелген құжаттарды басшыға жолдау;
- 2) бұрыштамамен бөлім басшысына құжаттарды жолдау;
- 3) бұрыштамамен жауапты маманға құжаттарды жолдау;
- 4) рұқсат немесе рұқсат беруден бас тарту;
- 5) рұқсатты немесе рұқсат беруден бас тарруды басшылыққа ұсыну;
- 6) рұқсатты немесе рұқсат беруден бас тарруды тіркеу және қызмет алушыға ұсыну.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет беруішінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын қызмет берушілердің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) кенсе қызметкері;
- 2) қызмет берушінің басшысы;
- 3) бөлім басшысы;
- 4) жауапты маманы.

8. Эрбір ресімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (жұмыскерлердің) арасындағы ресімдердің (іс-қимылдың) бірізділігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қажетті құжаттар топтамасын алған сәттен бастап оны кіріс хат-хабарларды тіркейтін журналға тіркейді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қарауына ұсынады немесе Стандарттың 9-1 тармағына сәйкес өтінішті кері қайтарады 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қызметті алушының өтінішін қарайды және көрсетілетін қызмет беруші бөлімінің басшысына жолдайды 30 (отыз) минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің бөлім басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін заң талаптарына сәйкес қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманына орындауға жолдайды 30 (отыз) минут;

4) көрсетілетін қызмет берушінің жауапты маманы қабылданған құжаттарды қарап, берілетін рұқсаттың жобасын немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты әзірлейді және басшыға жолдайды (27 күнтізбелік күн);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы рұқсатқа немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (1 күнтізбелік күн);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері рұқсатты немесе мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және қызмет алушыға ұсынады (15 минут).


9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі ресімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің толық сипаттамасы құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының сипаттамасы осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы қызмет берушінің интернет-ресурсында <http://tbr.zhambyl.gov.kz/>, www.zhambyl.egov.kz/ орналастырылады.

Жамбыл облысы әкімдігінің
2017 жылғы "27" қарашадағы
№ 253 қаулысымен бекітілген
"Жерусті су объектілері жоқ, бірақ
ауызсу сапасындағы жерасты
суларының жеткілікті қоры
бар аумактарда ауызсумен және
шаруашылық-тұрмыстық
сумен жабдықтауға байланысты

емес мақсаттар үшін ауызсу
сапасындағы жерасты
суларын пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
регламентіне 1 косымша

**"Жерусті су объектілері жок, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты
суларының жеткілікті қоры бар аумақтарда ауызсумен және
шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар
үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы**



- көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық белімшелерінің (қызметкерлерінің) езара іс-қимылдары;
- мемлекеттік қызметті беруден бас тарту туралы дәлелді жауаптақ қол жолды және кеңсе қызметкеріне жолдайды (1 күнтізбелік күн);
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылшының) және (немесе) атаяу;
- ← - келесі рәсімге (іс-қимылға) ету.